



"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 12 қаңтар N 33

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436

U973436_

Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436
Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Конституциясы

K951000_

44-бабының

9) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджет есебінен

қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436 U973436_ Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақтағы "әкімшілік мемлекеттік қызметшілер" деген сөздерден кейін ", соттар" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 3 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "судьяларға біліктілік сыныптары" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2) тармақшадағы "әкімшілік мемлекеттік қызметшілер" деген

сөздерден кейін ", соттар" деген сөзбен толықтырылсын;

3) жоғарыда аталған Жарлықтың 10-қосымшасы осы Жарлықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" 2000 жылғы 3 шілдедегі N 414

U000414_

Жарлығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2001 жылғы " ____ " _____
N _____ Жарлығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 1 сәуірдегі
N 3436 Жарлығына
10-қосымша

Қазақстан Республикасы судьяларының
лауазымдық жалақылары мен сауықтыруға арналған жәрдемақыларын
есептеу үшін коэффициенттер

Қазақстан Республикасы Жылдар бойынша мемлекеттік қызмет өтілі

судьялары лауазымдарының 1 жылға 1-ден 2-ден 3-тен 5-тен 7-ден
2-ге 3-ке 5-ке 7-ге 9-ға
тізбесі дейін дейін дейін дейін дейін дейін

Жоғарғы сот

Төраға 20,93 21,98 23,03 24,07 25,12 25,75

Сот алқасының төрағасы 17,59 18,47 19,35 20,23 21,11 21,64

Қадағалау алқасының
судьясы, жалпы отырыстың 16,60 17,43 18,26 19,09 19,92 20,42
хатшысы

Судья 15,78 16,57 17,36 18,14 18,93 19,41

Облыстық және оларға теңестірілген соттар

Соттың төрағасы 12,59 13,22 13,85 14,48 15,11 15,49

Алқа төрағасы 11,85 12,44 13,04 13,63 14,22 14,58

Судья 11,11 11,67 12,22 12,78 13,33 13,67

Аудандық және оларға теңестірілген соттар

Соттың төрағасы 7,41 7,78 8,15 8,52 8,89 9,11

Судья 6,67 7,00 7,33 7,67 8,00 8,20

таблицаның жалғасы

Қазақстан Республикасы Жылдар бойынша мемлекеттік қызмет өтілі

судьялары лауазымдарының 9-дан 11-ден 14-тен 17-ден 20
11-ге 14-ке 17-ге 20-ға жылдан
тізбесі дейін дейін дейін дейін жоғары

Жоғарғы сот

Төраға 26,38 27,00 27,63 27,84 28,26

Сот алқасының төрағасы 22,17 22,69 23,22 23,40 23,75

Қадағалау алқасының

судьясы, жалпы отырыстың 20,92 21,41 21,91 22,08 22,41
хатшысы

Судья 19,88 20,35 20,83 20,98 21,30

Облыстық және оларға теңестірілген соттар

Соттың төрағасы 15,86 16,24 16,62 16,74 17,00

Алқа төрағасы 14,93 15,29 15,64 15,76 16,00

Судья 14,00 14,33 14,67 14,78 15,00

Аудандық және оларға теңестірілген соттар

Соттың төрағасы 9,33 9,56 9,78 9,85 10,00

Судья 8,40 8,60 8,80 8,87 9,00

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ